

БӨЛІМ: БАЯНДАМАЛАР

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың өзіндік оқуын ұйымдастыруЖАРИЯЛАНДЫ
19.09.2017СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/16901/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Өмірзақ Тоғжан Өмірзаққызы

«Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуы керек.

Балалар қиналмай, керек білімін кешікпей кезінде алып отыруы үшін, балаға жұмысты әліне шағындап беріп, бетін белгілеген мақсатқа қарай түзеп

отыруы керек».

А. Байтұрсынов.

Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында оқушының өзіндік жұмысын ұйымдастыруға, қолдануға, өз бетімен ізденуге жағдай жасауымыз керек. Біздің айтқанымызды, түсіндіргенімізді қайтадан өзімізге ғана айтып қоймай, түрлі қосымша тапсырмаларды алып, интернеттен, ақпарат көздерінен материал жинайды, сабақта реферат етіп жазған сол жаңалықтарын оқып, қысқаша ауызша айтып қорғайды. Ол үшін оның өткен жылдары алған білімдері, дағды, шеберліктері негіз бола алады. Сондықтан өздік жұмыс істеуге, өз бетімен жұмыс істеуге ерте кезден үйреткен жөн.

Ол үшін мұғалім мынадай мақсатты алға қою керек:

1. Өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, дамыту.
2. Оқушыларды өз пікірі бар, дара тұлға етіп тәрбиелеу.
3. Біліміне сай келетін бағдарды, мамандықты өзі таңдап алатындай дәрежеге

жеткізу.

Әрине мұғалім барлық талаптарды ескере отырып, сабақ беру барысында оқушылардың танымдық қабілеттілігін, ойлау қасиеттерін дамытуға жағдай жасай білу керек. Қазіргі кезде өзіндік жұмыстарды ұйымдастыруға көп көңіл бөлініп отыр.

Негізінен өзіндік жұмыстардың ерекшелігі: оқушының міндетті түрде өз күшімен азды-көпті жаңа нәтижеге жетуінде. Бірақ барлық жұмыс бір-бірін толықтырып отырады. Оқушының өз бетімен орындауына берілетін әрбір тапсырма олардың күші келетіндей түсінікті, мазмұны қызығарлықтай әр түрлі болғаны жөн. Күрделілігі, оған кететін уақыты ескеріле отыруы керек. Әрбір жұмысты мұғалім тексеріп отыруы керек, әйтпесе оқушылар білім мен іскерлікке деген жауапсыздыққа, ұқыпсыздыққа үйренеді.

Өзіндік жұмыстар, негізінен оқушыларға берілетін сабақты түсіндіру, қайталау кезеңдерінен гөрі жаңа сабақты пысықтау барысында және қорытып қайталау сабақтарында атқарылғаны дұрыс деп ойлаймын. Оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастырудың негізгі жолдарын атауға болады:

- негізгі білімді игеруде
- өткен материалды бекітуде
- техникалық құралдармен жұмыстарды ұйымдастыруда
- ақпараттық технологияны қолдану барысында
- интерактивтіқтамен жұмыс жасатуда
- картамен жұмыс жасатуда;

Оқушы өзі іздеп, өзі тауып, талдап, керегіналып білсе, көзімен көріп, қолымен ұстап деген сияқты, естесіне сақтау қабілетін де жақсартады. Қосымша әдебиетпен жасалатын жұмыста оқушы сөздік, анықтама, ережелерді, журналдарды ақтара отырып, баяндама, реферат, презентация, талдау түрлері оқушыны ойланып жұмыс жасауға, келешекте тиянақтылыққа үйретеді. Мысалы, реферат жазу оқушыға үлкен жауапкершілік жүктеп қоймай, сонымен қатар ғылыми кітаптармен, арнаулы құжаттармен, ғалым зерттеушілердің еңбектері мен танысуға, оқуға деген, ізденіске деген қажеттілік құштарлығын туғызады. Оқушыны жұртталдында сөйлеуге дағдыландырады. Реферат жазу жұмысы, ең алдымен, таңдаған тақырыпқа байланысты кітаптарды оқып қараудан басталады. Өзіндік жұмыстың біртүріне конспект жатады. Қазақ әдебиетінде жекелеген пікірлер мен үзінділердің айырмашылығын, ақын жазушылардың өмірі мен шығармашылығын конспектілеу. Кейбір мәтіннің мазмұнын, тарауларын қысқаша өз беттерімен конспектілейді.

Ақпараттық технологияларды қолдану.

Қазіргі қоғамда бала үшін кітаптың маңызы қандай болса, компьютер де бала үшін қоршаған әлемді танудың табиғи құралы болып табылады. Оқыту құралы ретінде компьютерді қолдану. Оқу үрдісін белсендіруге, оқытуды жекешелендіруге, оқушының өзін-өзі бақылауына мүмкіндік туғызады. Интерактивті тақтаны қолдану арқылы кез келген тақырыпты түрлік өрнекіліктер арқылы көріп, біліп дәлелдей отырып түсіндіруге болады. Ал электрондық оқулық пен оқыту нәтижесінде оқушы тақырыпты жан-жақты, терең түсінеді. Оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастырудың жекелеген (саралап оқыту) және топтаسقан түрлері (топпен немесе ұжымдық) бар.

Саралап оқыту оқушыларға қойылатын талаптардың әртүрлілігі арқылы жүзеге асырылды. Саралап оқыту технологиясындағы оқу үрдісінде келесі мақсаттарды көздеуге болады:

- оқушыға сенімділік білдіру
- пәнге қызығуына арттыру
- оқушы өз білімін есеніп, оны әрі дамыту
- өзіндік шығармашылық деңгейге көтерілу;

Саралап оқытуға байланысты келесідей тапсырмаларды қолдануға болады.

1 – тапсырма. Сұрақтарға жазбаша жауап беру.

2 – тапсырма. Тест тапсырмасын орындату.

3 – тапсырма. Жаттығу мен тапсырмалар орындату.

4 – тапсырма. Компьютер арқылы сынақ, емтихан беру.

Саралап оқытудың маңызы келесідей.

1. Білімгерудің үш деңгейі қарастырылады: төменгі, бағдарламалы, күрделі.
2. Әр оқушыға білімалу үшін жағдай жасап, мүмкіндік береді.
3. Балалардың барлығына бірдей көңіл бөліп, олармен саралап жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Оқушылардың ойлау қабілеті мен танымдық қызығуындамытатын жаңа технологияны қолданудың бір жолы «топпен немесе ұжымдық жұмыс» болып табылады. Мысалы: Оқушыларды 4 топқа бөліп, түрлі тапсырмаларды орындатуға болады. Тапсырмаларды орындатудың бірнеше жолы бар.

- Түрлі сұрақтар арқылы тақырыпқа қызығуды ояту.
- Сөздік, энциклопедия, газет-материалдармен жұмыс.
- Оқулық, қосымша кітаптармен жұмыс.

- Аудиотаспа, бейнетаспа және интерактивтік тақтамен жұмыс.
- Еліміздің тарихын, байлығын, табиғатын, салт-дәстүрін білу, оны қорғауға дайын екендіктерін білу.

Оқушының өздігінен білім алу жұмысы тек өзінің білімін толықтыру, өзін-өзі жетілдіру міндетімен шектелмейді, өздігінен жұмыс жасап жүрген оқушылар басқаларға білім беруіне, олардың білім алуына дағдыландырады. Өзіндік жұмыста басты мақсат – оқушыларды саналақ, белсенділік, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Нәтижесінде білім сапасы жоғары, болашағы бар азамат дайындау. Оқушының өзіндік жұмысын өз дәрежесінде және уақытында жүргізу немесе ұйымдастыру – дара тұлғатәрбиелеудің бірден-бір жолы.

Қазақ тілі мен қазақ әдебиет пәні мұғалімдерінің басты мақсаты – оқушының ауызша, жазбаша сөйлеу мәдениетін көтеру, жан-жақты ақпарат беру, көп талаптарды бойларына дарыта отыру.

Топқа тапсырмалар беру.

I топ. Оқулықтағы, не газет материалдарына оқи отырып, тірек-сызбаға түсіреді. Сызба арқылы сұрақтар құрастырады, әңгімелеуге өтпей қайлы, олоқушының ауызша және сөйлеу мәдениетін көтеруге мүмкіндік береді.

II топ. Оқулықтағы мәтін бойынша жоспар құрастырады, сұрақтар құрастырып, жазбаша жұмыстардың көп түрлерін орындайды. Сөз тіркестерімен жұмыс. Сөйлемдер талдау. Күрделі сөздерді талдау жұмыстары.

- Сабақты қорытындылау
- Сызбаны қорғау
- Мәтінді әңгімелеу
- Сабақ соңында оқушыларға екі жұмыс беріледі.

1 – жұмыс. Жеке жұмыс. Бірінші топта оқушылар тақтаға шығып сызбаларын түсіндіріп қорғайды, түсіндіреді. II топ мұқият тыңдайды.

Екінші топта оқушылар шығып жазбаша жұмыстарына қиды, талдайды, түсіндіреді. Осылай 2 топ өз жұмыстарымен сабақты қорытындылайды.

2 – жұмыс. Топ жұмысы. 2 топқа берілетін тапсырма. Жалпы мәтіндердің құрылымын талдау. Осы мәтінге мазмұны жақын мәтін құрастыру, не мәтін мазмұнын жалғастыру

- Үйге тапсырма

- Бағалау

Алға қойған мақсаттарға жету үшін көп жұмыс жасау керек. Өзіндік жұмыста электрондық оқулықтар, өткен материалдарды қайталау, білімді бақылайтын, мәтіндерді тексеретін жүйелер түрлерін қолданамыз. Мектеп – білім жүйесінің негізгі, басты буыны. Оқушының болашағына жолашады, әсіресе қазақ балалары үшін. Біздің қызметіміз оқушыға бағыт-бағдар беру, сол бағдар бойынша өз бетімен жұмыс жасауға дағдылана білуі керек.

Оқушылар үшін өзіндік жұмыстың маңызы зор. Өзеңбегімен ізденіп қараған болса, олоқушының жадында көп уақыт сақталады. Егер әрбір оқушы сабақта белсенді ой әрекетіне қосылса, күші жететін қиыншылықтарды жеңу қажеттілігі алдындатұрса, қорытынды мен жалпылау жасауға, әртүрлі сұрақтарға жауаптарды өздігімен табуға ұмтылса, танымдық белсенділігін қалыптастыру мүмкін болады.

Өзіндік жұмыс — арнайы бөлінген уақыт ішінде мұғалімнің көмегінсіз орындалатын жұмыс. Өзіндік жұмысты ұйымдастыруда мына жағдайларды ескеруіміз керек:

- Өзіндік жұмыстың мақсаты мен мазмұнын анықтау.
- Өзіндік жұмысты ұйымдастыру жоспарын жасау.
- Оқушының жұмыстарына бағыт беру.

Оқушының өзіндік жұмысы білік пен дағды қалыптастырудың тиімді жолы. Оқушылар өзіндік жұмысқа төселекеле, қазіргі өмір талабына сай өз қабілеттерінашып, мүмкіншіліктерін кеңейте алады.

Өзіндік жұмыстарды ұйымдастырғанда бір жұмысты келесі бір жұмыспен ұштастыра білу керек. Жұмыс мазмұны күнделікті өмірден алынған материалдарды, хабарларды енгізу. Өзіндік жұмыстарды үйде орындаған қолайлы, сонда мұғалімнің жұмысы белсенді емес, тек кеңесшілік. Оқушының ізденіп өзі орындап келген жұмысы өзінше бір жаңалық болады. Ең бастысы өз білім қорын молайтады, белсенділігін арттырады, ізденіс қабілеттерін жетілдіруге ықпалын тигізеді.

Мысалы, «Қазақстан табиғаты» тақырыбы бойынша өз бетімен жүргізілетін жұмыс береміз.

1. Оқушы оқулықтағы мәтіннен басқа қосымша материал іздейді.
2. Табиғат көріністерін сурет салады.
3. Табиғат сырын түсіндіруге байланысты әртүрлі баяндамалар, рефераттар жасау.
4. Табиғат туралы көркем әдебиеттер оқу.

5. Табиғаттуралымақал – мәтелдертауыпжаттау.
6. Өзбеттеріменғылымиоқулар мен конференцияларөткізу (төменгісыныпоқушыларына)
7. Мектепкітапхансында «Табиғатбайлығымыз» т.б. тақырыптардакөрмеұйымдастыру.
8. Мектептеқабырғагазетіншығару.
9. Сыныптастарына, басқа да оқушыларғасыныпсағатынөткізу (бейнетаспаматериалдарынқолданаотырып)
10. Мектептемерекелікіс шара ұйымдастыру. «Наурызмерекесі», «Гүлдермерекесі», «Алтын күз», «Қыстабиғаты» т.б.
Осындайжұмыстардыңбарлығыкөптегенмәселелерментығызбайланысты, оқушылардатуғанжері, табиғатбайлықтарынқорғаукеректігіжағдайындасаналы ой туғызады, адамгершіліксенім мен сезімқалыптастырады. Расынакелгендеоқушылардыбір-біріне хат жазу, туғанкүнге газет шығару, өзбетіменорталықкітапханадажұмыстарқызықтырады, ал қызығыпорындағанжұмысәруақыттанәтижебереді. Оларғамектеп, жергіліктігазеттергемақалажазғанқаттыәсеретеді. Оларбізден не күтеді? Мақтау, жақсыбағакүтеді. Оқушылардыкітаптағыжаттығулар мен мәтіндерқызықтырмайды.
Оларғажаңажұмыстүрінөзіізденетіндейжағдайтуғызсақ, олшамасыкелгеншеөзбетіменорындауғатырысады. Олөзшамасын, күшін, білімінтексереді. Орындайалмаймындегенойданарылады. Түрліжұмыстарорындаубарысындажаңа идея, ой туындайды, өздерііздептапқанматериалдаресіндежақсысақталады. Тоқсанауызсөздіңтобықтайтүйінінайтарболсақ, өзіндікжұмыстароқушылардыңпәнгедегентанымдыққызығуынарттырады, тиянақтыбілімалуынажағдайтуғызады.

Сайып келгенде, мұғалім ата-ана арқылы баланың тәрбиесі мен біліміне оң әсер ететіні анық. Бұл бір жолы. Екінші жолы, күнделікті мұғалімнің сабақта балаға тікелей ықпалы. Үшінші, сыныптағы оқушылардың жеке оқушыға ықпалы. Ең соңында оқушының мұғалімге кері байланысы жоғары нәтижені көрсетеді. Мұғалім, ата-ана, бала – үшеуі үздіксіз сағаттың тіліндей айналыста, байланыста болуы керек деп түсінемін. Яғни, гармонияда болу. Грек тілінен аударғанда – үйлесім, үндестік мағынасында.

Біз бұл жерде ата-ана арқылы оқушы сеніміне ие болуымыз керек және өзіміз де оларға сенім білдіруіміз керек. Оқушылармен диалог жүргізудің маңызы да аса зор болып саналады. Әр бала жеке тұлға, жеке адам, өзіндік қайталанбас үлес қоса алатындай жағдай жасау керек. Сондықтан әр баланың пікірімен санасуымыз керек. Бұл

жерде анкета толтыртқызғанан көрі, оқушымен диалог жүргізіген он есе артық деп есептеймін.

Ұлыбританияда жүргізілген зерттеулерде оқушылардың білім беру мен білім алу туралы пікірлеріне назар аударылды. Мектептерде «Оқушы үніне» көңіл бөлуге баса назар аударылып келеді. Джин Раддок «Оқушы үнінің» белгілі жақтаушысы ретінде «Оқушылар мен пікірлесудің мақсаты – қабылдаушының көзқарасы тұрғысынан алғанда оқудың не екендігін түсіну, жекелеген оқушылар мен топтар үшін оқуды қалай жақсарту» екендігін жазады.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.